

Үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Мойынқұм аудандық әкімиятының 2003 жылғы 4 ақпандағы № 1 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 17 наурызда № 873 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 359 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық әкімдігінің 19.11.2015 № 359 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі. Орыс тіліндегі мәтіні жоқ болып табылады, мемлекеттік тілінде мәтінге қараңыз.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23 бабын жүзеге асыру және мүгедек балалары бар ата-аналарға оларды тәрбиелеу мен оқытуда көмек көрсету мақсатында облыс әкімиятының 2002 жылғы 28 қарашадағы "Үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Ережесін бекіту туралы" № 105 қаулысын басшылыққа ала отырып аудан әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруда тағайындау мен төлеудің қоса беріліп отырған Ережесі (бұдан әрі Ереже) бекітілсін.
2. Бекітілген Ереженің 2 тармағына сәйкес 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап материалдық қамсыздандырудың мөлшері облыста бекітілген 4 730 теңге сомада белгіленсін.
3. Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы үйде тәрбиеленіп және оқытылып жатқан мүгедек балаларға материалдық қамсыздандырудың бекітілген Ережеге сәйкес тағайындалуы мен төленуін қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Данияроваға жүктелсін.

Аудан әкімі:

Үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыру (Бұдан әрі - материалдық қамсыздандыру) 16 жасқа дейінгі мүгедек бала ата-анасының біреуіне немесе оны алмастырушы тұлғаға (бұдан әрі алушы) беріледі.

2. Материалдық қамсыздандыру аудан әкімияты белгіленген мөлшерде әр тоқсан сайын алушыға төлем ретінде беріледі.

3. Материалдық қамсыздандыру өзі туған, асырап алған, сондай-ақ қамқорлыққа алынған балаларға тағайындалады және төленеді.

4. Материалдық қамсыздандыру толық мемлекеттік қамтудағы мүгедек балаларға тағайындалмайды және төленбейді.

5. Материалдық қамсыздандыру мемлекеттік арнаулы жәрдемақы мен атаулы әлеуметтік көмектің басқа түрлерінен тәуелсіз, отбасының жалпы табысын ескермей беріледі.

2. Материалдық қамсыздандырудың тағайындалу тәртібі

6. Материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы өтініш алушы мен мүгедек баланың тұратын жері бойынша халықты әлеуметтік қорғау органына: (бұдан әрі - өкілетті орган).

1) мүгедек баланы үйде тәрбиелеу немесе оқыту қажеттігі туралы аудан әкімінің білім басқармасы жанындағы қамқорлық кеңесі арқылы берілетін қорытындымен (бұдан әрі - қорытынды);

2) баланың туу туралы куәлігімен (көшірмесі);

3) алушының жеке куәлігімен;

4) алушының салық төлеуші тіркеу нөмірімен;

5) қамқорлыққа алу туралы факті анықталған жағдайда қамқорлыққа беру туралы шешімімен қоса беріледі.

7. Берілген құжаттар негізінде өкілетті орган материалдық қамсыздандыруда тағайындау немесе тағайындауға қарсылық білдіру туралы шешім қабылдайды. Қарсылық білдірілген жағдайда өтініш иесіне жазбаша ескерту жіберіледі. Материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы шешімге өкілетті органның

басшысы қол қояды.

8. Материалдық қамсыздандыру өтініш берген айдан бастап тоқсан сайын тағайындалады.

9. Қорытынды 12 ай бойы жарамды болып табылады.

3. Материалдық қамсыздандыруды төлеу

10. Материалдық қамсыздандыруды төлеу Халықтық банк филиалдары арқылы өкілетті органдармен жасалған агенттік келісімдерге сай алушының есеп шотына аудару жолымен жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК